



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

02.09.2024ж. №78/о

Абай қаласы

город Абай

**Объектінің терроризмге қарсы қорғалуы  
жөніндегі іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ететін  
жауапты тұлғаларды тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығының 1-тарауы 7-тармағының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп директорының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Вторушина Фирая Равильевна - өткізу режиміне және оның мүлтіксіз сақталуына, мектепті инженерлік-техникалық жарактандыру және инженерлік-техникалық жабдықтар тұрғысынан материалдық-техникалық базаның сақталуы мен жақсаруына жауапты тұлға болып тағайындалсын, ол терроризмге қарсы қорғалуын, мектеп қызметкерлерімен нұсқамалар, практикалық сабақтар, жаттығулар өткізуді көрсетеді.
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Миронова Фарида Равильевна – қауіпсіздік мәдениетін және терроризмге қарсы сананы қалыптастыру бойынша білім алушылармен іс-шаралар өткізуді қамтамасыз ететін жауапты тұлға болып тағайындалсын.
3. АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы А. М. Шуленбаев -терроризмге қарсы қауіпсіздік мәселелері бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын және мектеп қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметкерлердің, педагогтердің, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, адамдардың іс-әрекеттерінің үйлесімділігі мен айқындылығын қамтамасыз етуге бағытталған практикалық сабақтарды өткізуге жауапты тұлға болып тағайындалсын.
4. Сынып жетекшілері - білім алушылармен терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу іс-шараларын өткізуді есепке алу журналын және өткізілген нұсқамалардың хаттамаларын жүргізе отырып тақырыптық және іс-шаралар жоспарына сәйкес терроризмге қарсы қорғау бойынша практикалық сабақтар ұйымдастырсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қарағанды облысының білім басқармасы  
Абай ауданының білім бөлімі

«№ 4 жалпы білім беретін мектеп» КММ директорын м.а. **Т. Искакова**

